

МРПТИ 06.77

JEL O

APPROACHES TO THE ASSESSMENT OF INNOVATIVE ACTION OF ENTERPRISES

Zh.B. Rakhmetulina

Candidate of Economic Sciences, professor
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, the Republic of Kazakhstan

A.T. Karipova

Candidate of Economic Sciences
L.N. Gumilyov Eurasian National University
Nur-Sultan, the Republic of Kazakhstan

ABSTRACT

Purpose – to explore existing approaches to evaluation the innovative development of enterprises

Methodology –the graphic method, as well as general scientific methods are used: synthesis, analysis, comparison, generalization.

Originality/value – the article considers the role of implementation of innovations in the processes of organization of management and production. A system for managing the innovation activity of enterprises has been developed, system of indicators for assessing innovation activity, and a detailed and diagnostic approaches to analyzing the internal environment and assessing the external environment of the enterprise have been considered.

The results of the research could be used in making rational decisions that will effectively manage the innovative activity of the enterprise.

Conclusions - the management system of innovation activities of the enterprise was analyzed in the work. The advantages and disadvantages of approaches to the evaluation of innovative development were considered.

Keywords– innovative activity, innovative potential, innovative development, innovations

ШАҒЫН БИЗНЕС КӘСІПОРНЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Ж.Б.Рахметулина

экономика ғылымдарының кандидаты, профессор
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы

А.Т.Карипова

экономика ғылымдарының кандидаты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Нұр-Сұлтан, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеу мақсаты – кәсіпорнының инновациялық дамуын бағалау тәсілдерін зерттеу.

Әдіснама – графиктік, сондай-ақ синтез, талдау, салыстыру, жалпылау сияқты жалпы ғылыми әдістер қолданылады.

Түпнұсқалылық / құндылығы – мақалада өнім өндірісі мен оны басқаруды ұйымдастыру үдерістеріне инновацияларды ендірудің рөлі қарастырылған, кәсіпорынның инновациялық әлеуетінің дамуын бағалау жүйесі, кәсіпорынның инновациялық қызметін басқару жүйесі жасалған, кәсіпорынның инновациялық қызметін басқару жүйесі жасалған, кәсіпорынның ішкі ортасын талдаудың және сыртқы ортасын бағалаудың егжей-тегжейлі және диагностикалық тәсілдері қарастырылған.

Зерттеу нәтижелері кәсіпорынның инновациялық қызметін тиімді басқаруға мүмкіндік беретін рационалды шешімдерді қабылдауда қолданыла алады.

Қорытынды – мақалада кәсіпорынның инновациялық қызметін басқару жүйесі талданған. Инновациялық дамуды бағалау тәсілдерінің ерекшеліктері мен кемшіліктері қарастырылған.

Түйін сөздер – инновациялық қызмет, инновациялық әлеует, инновациялық белсенділік, инновациялық даму, инновациялар.

КІРІСПЕ

Қазақстан экономикасының қазіргі даму кезеңінде инновацияларды дамыту және енгізу шағын және орта бизнес субъекттері қызметінің тиімділігін арттырудың маңызды факторы ғана емес, сонымен қатар мемлекеттің экономикалық саясатының басым бағыттарының бірі болып табылады.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Отандық кәсіпкерлік жаңа экономикалық бағыттың қозғаушы күші болып табылады. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 2050 жылға қарай, ең аз дегенде, екі есе өсуге тиіс», - деп атап өткен.[1] Осы тұрғыда инновациялық инфрақұрылымды жасау инновациялық қызметті алға қарай жылжытып, әрі қарай дамытудың басты бағыттарының бірі болып табылады. Қазіргі заманғы экономикада кәсіпорынның инновацияларды енгізуі нарық жағдайындағы бәсекеге қабілеттіліктің міндетті шартына айналды.

Бәсекеқабілеттіліктің барлық компоненттері инновациялардың дамуын ынталандырады, бірақ олардың әрқайсысы инновациялық жүйенің жекелеген компоненттерімен және инновациялық үдерістің жекелеген кезеңдерімен байланысты.[2] Инновациялардың сәтті болуы барлық компоненттердің үйлесімде өзара әрекеттесуіне негізделген, сол себепті әрбір компонентті дамыту қажет.[3] Осылайша, компоненттер мен жекелеген факторлардың салыстырмалы маңыздылығы елдегі инновациялық жүйелердің даму кезеңдеріне тәуелді. Осыған байланысты кәсіпорынның инновациялық қызметінің дамуын басқарудың негізгі құралдарының бірі болып оның инновациялық

әлеуеті табылады. Шетелдік оқымыстылардың пікірінше, кәсіпорынның инновациялық әлеуеті сыртқы және ішкі факторларды ескере отырып, экономикалық ресурстарды оңтайлы үйлестіру арқылы мақсатқа сай инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті экономикалық жүйенің мүмкіндіктері, ағымдық және келешек мүмкіндіктердің, экономикалық ресурстардың кешені болып табылады.[4]

Экономикалық даму және инновациялық қызметтің тиімділігін арттыру мақсатында кәсіпорынның инновациялық дамуын бағалау және инновацияларды енгізу нәтижелерін бақылау қажет.

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Инновациялық әлеуетті қалыптастырудың теориялық негіздері тиімді нарықтық басқару әдістерімен өзара байланысты. Бірақ, осылай бола тұра, шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерде инновациялық қызметті сипаттайтын экономикалық категориялар нақты айқындалмаған. Берліген мәселені зерттеуге шетелдік ғалым-экономистер J.Boulet, V.Bondarenko, J.Goldberg, W.Dauphinee, M.Intriligator, Cossa, Leszek Kozioł, E.Malecki, J.Norcini, S.Sardak [2-9] және басқалары маңызды үлес қосқан. Олардың еңбектерінде инновациялық қызметті және инновациялық жобаларды бағалау әдістемесінің мәселелері және басқа да мәселелер зерттелген. Белгілі бір дәрежеде кәсіпорын деңгейінде инновациялық әлеуетті бағалауға көзқарастар анықталған.

Goldberg J. ресурстық тәсілді қолдана отырып, инновациялық ресурстарды инновациялық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ғылыми, логистикалық, технологиялық, ұйымдастыру және қаржы ресурстарының жиынтығы деп тұжырымдады.[5]

Malecki E. Кәсіпорынның инновациялық мүмкіндіктерін оның жедел жоспарлау, инновациялық ресурстарды жасап, оларды өзінің инновациялық қызметін жүзеге асыру үшін қолдану қабілеттерінің жиынтығы ретінде сипаттады.[6]

Инновациялық негізде экономиканы әртараптандыру мәселелерін, инновациялық қызметтің әр түрлі бағыттары бойынша оны белсендірудің жекелеген әдістемелік аспектілерін зерттеуге қазақстандық және ресейлік ғалым-экономистер А.Бержанова, Д.Кангалакова, А.Кулмағанбетова, Е.Кулы-гина, И.Павленко, О.Сабден, Ю.Ширяева, С.Яшин [10-15] және басқалар белгілі бір үлес қосты және қосуда.

Нәтижелері және талқылануы

Жаңалық енгізуді бағалау критерийін анықтау инновациялық қызмет тиімділігін бақылаудың басты міндеті болып табылады. Аталған критерий, С.Н.Яшиннің айтуынша, кәсіпорынға берілген жаңалықты енгізудің орындылығы туралы шешім қабылдауға негіз болатын немесе инновациялардың балама нұсқаларын өзара салыстыруға мүмкіндік беретін көрсеткіш немесе көрсеткіштер жүйесі болып табылады.[15] Әдетте мұндай көрсеткіштердің рөлін көптеген экономистер инвестициялық талдау тиімділігінің критерийі ретінде қолданатын кейбір көрсеткіштер атқарады.

Ю.В.Захарованың пікірінше, инновациялық қызметті талдау тиімділігін арттыру үшін бағалау көрсеткіштерін жекелеген элементтерге жүйелеуге және соның негізінде кәсіпорынның инновациялық дамуының стратегиясын әзірлеуге болады [12]. Ю.С.Ширяев инновациялық қызметтің негізгі элементтерін анықтау барысында зерттеуде жүйелік тәсілді қолдануға болатындығын тұжырымдады. [14] Бұл өз кезегінде инновациялық қызметтің сыртқы және ішкі ақпараттардың үздіксіз айналымына негізделетіні туралы тұжырым жасауға мүмкіндік береді

1-суретте кәсіпорындардың инновациялық қызметін басқару жүйесі көрсетілген. Жүйе ретінде кәсіпорынға сыртқы орта ықпал етеді. Сыртқы орта факторлары кәсіпорынға тікелей және жанама әсер ете отырып, оның инновациялық климатын қалыптастырады.

Сондай-ақ 1-суретте кәсіпорынның тікелей және жанама ықпал ету факторларына, инновациялық макроклимат пен инновациялық микроклиматқа бөлінетін сыртқы инновациялық ортасы бейнеленген. Кәсіпорынның инновациялық қызметін басқару жүйесі 5 блоктан, яғни өнімдік, функционалдық, ресурстық, ұйымдастыру, басқару блоктарынан тұрады. Инновациялық қызметті басқару жүйесін талдай отырып, мынадай қорытындылар жасауға болады:

- кәсіпорын сыртқы ортадан (ресурстық блок) келетін ресурс жеткілікті көлемде болмаса, оңтайлы қызмет атқара алмайды;
- кәсіпорынға келіп түскен ресурстар бірқатар басқару және өндірістік қызметтерді (функционалдық, ұйымдастыру, басқару блоктары) тиімді жүзеге асыру арқылы дайын өнімге (өнім блогы) айналады;
- кәсіпорын өз қызметін сыртқы ортамен үздіксіз байланыста жүзеге асырады.



1 сурет – Кәсіпорындардың инновациялық қызметін басқару жүйесі

Ескерту: авторлармен құрастырылған

Инновациялық қызметті бағалау сызбасы келесі түрде бейнеленуі мүмкін: ресурс (R)- функция (F)- жоба (P). Жоба ретінде жаңа өнімнің немесе қызметтің шығарылуын қарастыруға болады. Кәсіпорынның инновациялық қызметін бағалаудың міндеттері екі түрлі жазықтықта бейнеленуі мүмкін:


- кәсіпорынның бір жаңа жобаны жүзеге асыруға дайындығын жеке бағалау;
- кәсіпорынның барлық немесе жүзеге асырылып жатқан жобалар тобына қатысты ағымдық жағдайын жалпы бағалау.

Практикалық тәсіл кәсіпорынның ішкі және сыртқы ортасын талдаудың екі түрлі, яғни егжей-тегжейлі және диагностикалық сызбасын қолдану қажеттілігін көрсетеді.[12]

Егжей-тегжейлі талдау барысындағы кәсіпорынды бағалау сызбасы 2-суретте көрініс тапқан. Егжей-тегжейлі тәсіл қолданғанда инновацияны негіздеу, оны жүзеге асыру жобасын дайындау және енгізу кезеңдерінде кәсіпорынның ішкі ортасына дәйекті талдау жасалып, сыртқы ортасы бағаланады. Еңбек шығындылығы жеткілікті болған жағдайда берілген тәсіл жүйелі және пайдалы ақпарат алуға көмектеседі.


Диагностикалық тәсілді қолдану, әдетте, жұмыс мерзімдерінің шектеулілігімен, жүйелі талдау жасау үшін қажетті мамандардың жетіспеушілігімен, бәсекелес кәсіпорын туралы толық ақпараттың болмауы немесе қолжетімсіздігімен байланысты. Диагностикалық тәсілді қолдану барысында көрсеткіштердің белгілі бір шектеулі тізбесі ғана талданады (сурет 3). Диагностикалық талдау жасау үшін арнайы машықтар мен ақпараттық база болуы қажет.

Кәсіпорынның ішкі ортасының диагностикалық талдауы мен бағалауы 4-суретте бейнеленген.



2 сурет – Кәсіпорынның ішкі ортасын бағалау сызбасы

Ескерту: авторлармен құрастырылған



3 сурет – Диагностикалық талдау жүргізу шарттары

Ескерту: авторлармен құрастырылған



4 сурет – Кәсіпорынның ішкі ортасын диагностикалық талдау және бағалау

Ескерту: авторлармен құрастырылған

Диагностикалық және егжей-тегжейлі тәсілдер шетелдік [7-9] және отандық тәжірибеде [10, 11] кеңінен қолданылады, алайда берілген тәсілдердің кемшіліктеріне мыналарды жатқызуға болады:

- талдау барысында кәсіпорынның инновациялық дамуын қамтамасыз ететін кейбір көрсеткіштер ғана қарастырылады және, әдетте, ол көрсеткіштер кәсіпорынның ішкі ресурстарымен байланысты;
- берілген тәсілдердің қолданылуы кәсіпорынның әрі қарайға инновациялық дамуын дәл қалай жүзеге асыру керектігі туралы толық жауап алуға мүмкіндік бермейді;
- кәсіпорынның жүзеге асырып жатқан инновацияларының ерекшеліктері ескерілмейді.

Нарықтық экономиканың қазіргі жағдайларында жүйенің, кәсіпорынның немесе ұйымның дамуына бағытталған жаңа идеялар мен мүмкіндіктерді үнемі іздестіріп отыру қажет. Кәсіпорынның инновациялық қызметін жүзеге асырудағы мәселелерді анықтау және әрі қарай жетілдіру үшін басқарушылық стратегияны қабылдау мақсатында жан жақты зерттеуге мүмкіндік беретін инновациялық қызметті бағалау көрсеткіштерінің жүйесі шешуші маңызға ие.

Авторлық тұжырымдауға сәйкес, инновациялық қызметті бағалау көрсеткіштерінің жүйесі болып бастапқы мәліметтер негізінде кәсіпорынның инновациялық қызметін адекватты түрде талдауға және оңтайлы басқару шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беретін көрсеткіштер жиынының көмегімен инновациялық қызмет сапасын бағалау жүйесі табылады.

Кәсіпорынның инновациялық қызметінің диагностикасы белгілі бір көрсеткіштер жиыны, олардың сандық және сапалық интерпретациясы көмегімен кәсіпорын қызметінің қалыпты жағдайын немесе қалыпты жағдайдан ауытқуын жедел анықтауға мүмкіндік береді. Бұл кәсіпорынның инновациялық қызметін диагностикалаудың объективті қажеттілігін тудырады.

Кәсіпорынның инновациялық қызметін бағалаудың тиімді жүйесін қалыптастыру үшін [10] инновациялық қызметті бағалайтын көрсеткіштердің блогы анықталды (инновациялық әлеует пен инновациялық белсенділік көрсеткіштері).

Инновациялық белсенділікті фирманың әрекеттерінің қарқыны мен дер кезінде жүзеге асырылуын, қажетті сападағы және мөлшердегі әлеуетін қолдана алу қабілетін қоса алғандағы инновациялық қызметінің кешенді түрдегі сипаттамасы деп түсінуге болады.

Инновациялық белсенділікті бағалау және инновациялық қызметті басқару стратегиясын таңдау кәсіпорынның жаңа немесе жетілдірілген технологияны игеру мүмкіндіктерін сипаттайтын көрсеткіштерді есептеу және талдау негізінде жүзеге асырыла алады. Көрсеткіштердің есептелген мәндерін негізге ала отырып, кәсіпорынның қажетті инновациялық ресурстармен қамтамасыз етілу

дәрежесіне қарай оның инновациялық қызметін басқару стратегияларын іске асыруға болады. Инновациялық белсенділікті бағалау көрсеткіштерінің жүйесі 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1- Инновациялық белсенділікті бағалау көрсеткіштері

Есептеу формуласы	Көрсеткішті сипаттамасы
$K_{ЭМ} = \frac{M_Э}{A_{ТА}} \times 100\%$ <p>мүндері $M_Э$ - зияткерлік меншік, $A_{ТА}$ - басқа да жиналыммен тыс активтер</p>	Зияткерлік меншікпен қатынасы қарандарылу коэффициенті патенттер, тауарлық белгі және тағы да басқа түрдегі тиімді инновациялық даму үшін қажетті зияткерлік меншіктің болуын көрсетеді
$K_{ЭВ} = \frac{T_{ЭВ}}{T_Ж} \times 100\%$ <p>мүндері $T_{ЭВ}$ - жетілдірілген технологиямен өндірілген жаңа өнімді (жұмысты, қызметті) сатудан түскен түсім, теңге; $T_Ж$ - өнімді (жұмысты, қызметті) сатудан түскен жалпы түсім, теңге</p>	Жаңа өнімді игеру коэффициенті кәсіпорынның инновациялық немесе технологиялық тұрғыда өзгертілген өнімді өндіру қабілетін сипаттайды
$K_{ЭО} = \frac{I_Э}{I_Ж} \times 100\%$ <p>мүндері $I_Э$ - ғылыми – зерттеу және оқу – әдістемелік инвестициялық жобалардың құны, теңге; $I_Ж$ - басқа инвестициялық жобалардың жалпы құны, теңге</p>	Инновациялық өсу коэффициенті технологиялық өсудің ұрықтылығын, кәсіпорынның жаңа технологияларды жасауға, инновациялармен байланысты персоналды дамытуға бөлінген қаражаттарының үлесін көрсетеді
$K = \frac{\sum_{t=1}^N \Pi_t}{N}$ <p>мүндері N – қарастырылған кезеңдегі ҒЗТҚЖ жүргізу нәтижесінде жасалған жиналымдардың жалпы саны; Π_t - жиналымды жасауға жұмсалған ұақыт</p>	Қарастырылып отырған кезеңдегі ақталған инвестиция орташа ұзақтығын сипаттайтын көрсеткіш
$T_{ИД} = \frac{\sum_{t=1}^N K_{\text{жасалған ж.}}}{\sum_{t=1}^N K_{\text{енгізілген ж.}}}$ <p>мүндері $K_{\text{жасалған ж.}}$ - жасалған жиналымдар саны, $K_{\text{енгізілген ж.}}$ - t-жылыда енгізілген жиналымдар саны</p>	Жаңалықты игерудің (енгізу) нәтижелілігін сипаттайтын көрсеткіш
$K_{ЭН} = \frac{\sum_{t=1}^N Y_t}{N}$ <p>мүндері Y_t - i - жиналымды енгізу үшін жұмсалған ұақыт</p>	Бір жиналымды игерудің орташа ұзақтығын сипаттайтын көрсеткіш
<i>Ескерту</i> – авторлармен әзірленген	

ҚОРЫТЫНДЫ

Компания өзінің ішкі мүмкіндіктерін тиімді қолданғанда, яғни жоғары инновациялық әлеуетке ие болғанда инновациялық белсенділігі артады. Сонымен қатар сыртқы орта өзгерістерін дер кезінде анықтап, оларға тез арада жауап бере білуді инновациялық даму көрсеткіші ретінде қарастыруға болады.

Инновациялық дамудың дұрыс сценарийін таңдау және жүзеге асыру кәсіпорынның инновациялық белсенділік көрсеткішін көтеруде маңызды рөл атқарады. Кәсіпорынның келешек стратегиясын қалыптастыру үшін ресурстардың жағдайы және оларды қолданудың тиімділігі туралы толық ақпарат болуы тиіс, сондай-ақ сыртқы факторлардың инновациялық қызметке әсерін ескеру де маңызды.

Инновациялық әлеует пен инновациялық белсенділікті бағалауды қамтитын инновациялық қызметтің диагностикасы кәсіпорынның әрі қарайғы инновациялық даму бағыттарын айқындайтын шешімдерді қабылдау және басқару механизмінің негізі болып табылады.

Инновациялық әлеуетті жүйелі түрде бағалау кәсіпорынның ресурс шығындарын оның өмірлік циклінің барлық кезеңдерінде болжауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, кәсіпорын немесе ұйым басшылығы инновациялық дамудың әрі қарайғы стратегиясын таңдау туралы жауапты шешімді қабылдайды.

Кәсіпорынның экономикалық тұрғыда тиімді әрекет етуі негізінен оның инновациялық қызметті оңтайлы ұйымдастыруына, басқару сапасына тәуелді: тиімсіз жобалардың үлесі қысқарып, тәуекел деңгейі төмендейді, зерттеуші ұжымның еңбек өнімділігі артады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты [Электронды ресурс]. URL: http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs (дата обращения: 20.05.2019).

2 Intriligator, M. Globalisation of the world economy: Potential benefits and costs and a net assessment // *Economics of Globalisation*.- 2017.- pp.85-94.

3 Dauphinee, W.D., Boulet, J.R., & Norcini, J.J. Considerations that will determine if competency-based assessment is a sustainable innovation // *Advances in Health Sciences Education*.- 2018.- pp.1-9.

4 **Bondarenko, V., Martynova, L., Chorna, N., Sukhorebra, T., Sehed, S.** Evaluation System Formation of Development of Enterprise's Innovative Potential// Research Article.- 2019.-№18(1).

5 Goldberg, J.& Schiele, H. Early supplier integration: Assessing supplier innovation ideas // *IEEE Engineering Management Review*.- 2018.-№46(3).-pp.94-102.

6 Malecki, E.J. Technological innovation and paths to regional economic growth // *Growth Policy in the Age of High Technology*.- 2018.- pp.97-126.

7 Sardak, S., Movchanenko, I. Diagnostics of business environment// International Scientific-Practical Conference: Innovation Management in Marketing: Modern Trends and Strategic Imperatives.- Poznan, Poland: WSPiA Publishing, 2018.

8 Leszek Koziol, Wojciech Koziol, Anna Wojtowicza, Radosław Pyreka. Diagnosis of innovation enterprises - study theoretical and empirical results // International Conference on Strategic Innovative Marketing.- Madrid, Spain, IC-SIM 2014.-pp.137-145.

9 Cocco, P. and Alberti, M. A framework to assess performance measurement systems in SMEs // International Journal of Productivity and Performance Management.- 2010.- №59(2).- pp. 186-200.

10 Рахметулина Ж.Б., Бержанова А.М., Кулмаганбетова А.С. Кәсіпорынның инновациялық әлеуетін бағалау// Статистика, учет и аудит.- Алматы.- 2017.- №3(66).-145-154б.

11 Сабден О.С., Кангалакова Д.М. Қазақстан экономикасының инновациялық дамуында шағын және орта бизнестің тиімділігін бағалау әдістемесі// Экономика: стратегия и практика. –2017.-№2(42).-15-22б. [Электронды ресурс] – URL: <https://elibrary.ru/item.asp?id=37000680> (дата обращения 20.05.2019)

12 Захарова Ю.В., Купцов А.В., Кулыгина Е.Н. Анализ реализации инновационной деятельности в Нижегородской области // Экономика и предпринимательство. –2016. – № 8. – С.188-190.

13 Pavlenko, I., Shibaykin, V., Tverdova, I., Marakova, A. Business mechanism of innovation-driven development of the agricultural market infrastructure // *Economic Annals-XXI*.-2018.- №169(1-2).-pp. 57-61.

14 Ширяева Ю.С., Перцева Л.Н., Лапшина Е.Н., Лапшин Е.А. Некоторые подходы к оценке инновационного развития предприятия // Креативная экономика. – 2017. – Том 11. – № 8. – С. 855-862.

15 Яшин С.Н., Солдатова Ю.С. Оценка устойчивости инновационного развития предприятий // Финансы и кредит. – 2012. – № 32. – С.9-17.

REFERENCES

- 1 Official site of President of the Republic of Kazakhstan (2012). available at: http://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs (Accessed 20.05.19).
- 2 Intriligator, M. (2017). "Globalisation of the world economy: Potential benefits and costs and a net assessment", *Economics of Globalisation*, pp.85-94.
- 3 Dauphinee, W.D., Boulet, J.R., & Norcini, J.J. (2018). "Considerations that will determine if competency-based assessment is a sustainable innovation", *Advances in Health Sciences Education*, pp.1-9.
- 4 Bondarenko, V., Martynova, L., Chorna, N., Sukhorebra, T., Scheda, S. (2019). "Evaluation System Formation of Development of Enterprise's Innovative Potential", *Research Article*, Vol.18(1).
- 5 Goldberg, J. & Schiele, H. (2018). "Early supplier integration: Assessing supplier innovation ideas", *IEEE Engineering Management Review*, Vol.46(3), pp.94-102.
- 6 Malecki, E.J. (2018). "Technological innovation and paths to regional economic growth", *Growth Policy in the Age of High Technology*, pp.97-126.
- 7 Sardak, S., Movchanenko, I. (2018). "Diagnostics of business environment", *International Scientific-Practical Conference: Innovation Management in Marketing: Modern Trends and Strategic Imperatives*, Poznan, Poland: WSPiA Publishing.
- 8 Leszek Koziół, Wojciech Koziół, Anna Wojtowicza, Radosław Pyreka (2014). "Diagnosis of innovation enterprises - study theoretical and empirical results", *International Conference on Strategic Innovative Marketing*, Madrid, Spain, IC-SIM, pp.137-145.
- 9 Cocco, P. and Alberti, M. (2010), "A framework to assess performance measurement systems in SMEs", *International Journal of Productivity and Performance Management*, Vol.59(2), pp. 186-200.
- 10 Rahmetulina, Zh.B., Berzhanova, A.M., Kulmaganbetova, A.S. (2017). "Kasiporynnyn innovaciyałyk aleuetin bagalau", *Statistics, Accounting and Auditing, Almaty*, Vol.3(66), pp.145-154. (in Kazakh).
- 11 Sabden, O.S., Kangalakova, D.M. (2017). "Kazakstan ekonomikasynyn innovaciyałyk damuynda shagyn zhane orta biznestin tiimdiligini bagalau adistemesi", *Economics: Strategy and Practice*, Vol.2(42), pp.15-22. available at: <https://elibrary.ru/item.asp?id=37000680> (Accessed 20.05.2019) (in Kazakh)
- 12 Zaharova, Y.V., Kupcov, A.V., Kulygina, E.N. (2016). "Analiz realizacii innovacionnoj deyatelnosti v Nizhegorodskoj oblasti", *Economics and Entrepreneurship*, Vol.8, pp.188-190. (In Russian)
- 13 Pavlenko, I., Shibaykin, V., Tverdova, I., Marakova, A. (2018). "Business mechanism of innovation-driven development of the agricultural market infrastructure", *Economic Annals-XXI*, Vol.169(1-2), pp. 57-61.
- 14 Shiryayeva, Y.S., Pertseva, L.N., Lapshina, E.N., Lapshin, E.A. (2017). "Nekotorye podkhody k otsenke innovatsionnogo razvitiya predpriyatiya", *Kreativnaya ekonomika*, T.11, Vol.8, pp.855-862. (In Russian)
- 15 Yashin, S.N., Soldatova, Y.S. (2012). "Otsenka ustoychivosti innovatsionnogo razvitiya predpriyatiya", *Finance and credit*, Vol.32, pp.9-17. (in Russian).

ТҮЙІН

Мақалада авторлар кәсіпорынның инновациялық дамуын бағалаудағы әртүрлі тәсілдердің артықшылықтары мен кемшіліктерін қарастырады. Кәсіпорынның өмірлік циклінің барлық кезеңдеріндегі ресурстардың құнын болжайтын инновациялық белсенділікті бағалаудың индикаторлар жүйесі ұсынылған.

РЕЗЮМЕ

В статье авторами рассмотрены особенности и недостатки различных подходов к оценке инновационного развития предприятия. Предлагается система показателей оценки инновационной активности, которая позволит прогнозировать затраты ресурсов предприятия на всех его стадиях жизненного цикла.

SUMMARY

In the article the authors consider the advantages and disadvantages of different approaches to the assessment of innovative development of the enterprise. A system of indicators for assessing innovation activity is proposed, which will predict the cost of resources of the enterprise at all stages of its life cycle.

МРПТИ 06.39.41
JEL E2

THEORETICAL ASPECTS OF TECHNOLOGY TRANSFER RESEARCH FOR THE INNOVATIVE DEVELOPMENT OF THE NATIONAL ECONOMY

Ainur Boranbayeva,

PhD student, al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan,

Dinara Rakhmatullayeva,

PhD in Economics, Higher School of Economics and Business,
al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan,

ABSTRACT

Purpose– the main purpose of the paper is to identify qualitative relationships between innovation and technology transfer. The review of innovation, technology and technology transfer definitions and researcher’s discussion were used to formulate the research question: What is the relationship between innovation and technology transfer?

Methodology – The authors discussed the process of creating an innovative economy through technology transfer. The opinions of various foreign scientists on the concept of technology transfer were studied. The systematic search of scientific literature was performed to collect the existing review paper on innovation and technology transfer. We also widely used such methods of theoretical research as analysis and synthesis, classifications, methods of comparative research.

Originality/value – importance of work theoretical aspects of technology transfer considered was the relationship between innovation and technology transfer.

Findings – it was determined that the essence of innovation is needed to maximize the socio-economic effect thus increasing the efficiency of the use of intellectual potential. The authors proposed ways to improve the innovative development of technology transfer and innovation infrastructure.

Key words: technology transfer, technological innovation, innovation process, patent applications, intellectual property

INTRODUCTION

The current desire and goals of most governments are to be progressive. Special attention is given to science, innovations and the opening of new specialties. Development in the innovative direction promotes inclusion of developing countries to the level of developed states. Great value is given to innovating, but not much attention is given to the processes. Technology transfer holds a very specific and important place among these processes.